№ 15 дәріс

Тақырыбы: Үмбетей Тілеуұлы шығармашылығы

Негізгі сұрақтар:

1. Үмбетей Тілеуұлы толғауларының тақырыптық қыры
2. Үмбетей толғауларындағы хан бейнесі

1. Үмбетей Тілеуұлы толғауларының тақырыптық қыры.

Үмбетей Тілеуұлы (1706-1778) - Ақмола облысында, яғни Орталық Қазақстанда дүниеге келген. Арғын тайпасы Қанжығалы руынан шыққан. Ол жас жағынан Бұқар жыраумен құрдас болған деген дерек бар:

Үмбетей Бұқармен дос, құрдас екен,
Қайтыс боп үш жыл бұрын құса-дерттен,-
деген өлең жолдары осыны меңзейді.

Бұл өлеңді Бөгенбайдың немересі Бапан би шығарған деседі ел аузында. Үмбетей жас күнінен-ақ кедейліктің зардабын тартады. Ақындық даңқы шыққан Үмбетейді Абылай хан өз айналасында ұстайды, ол сол кезден-ақ жырау атанған. Ол Бөгенбай батырға серік әрі оның жыршысы болған. Жырау қазақ халқының Жоңғар басқыншыларына қарсы күресте болып, тарихи оқиғаларды нақты жырлаған. Ол халық мүддесі үшін хан көңіліне қарамай, әділ,тура өлеңдер қалдырған. Жырау Ақмола өңірінде жүз жасап дүниеден өткен.

Сонымен қатар, Үмбетей жырау Қазақ хандығының Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай хандар билік жүргізген кезде өмір сүрген жырау.

XVIII ғасырдың Үмбетей тұстас жыраулары қазақ жеріндегі хандық жүйені айнала анталаған жаудан қорғауға ұйтқы болатын, қоғамды бірлікке, тұтастыққа, ынтымаққа жетелейтін бірден-бір мүмкіндік деп таныған. Сон дықтан шығармаларында хандық жүйені уағыздау негізгі тақырыптарының бірі болған. Міне осындай жыраулардың бірі Үмбетей Тілеуұлы жоңғарларға қарсы жорықтарға қатысқан, қаруы мен дуалы сөзі қатар жүрген кісі. Өзінен бұрынғы ауызша жеткен авторлық поэзия дәстүрін жалғастырған Үмбетей шығармасының дені арнау болып келеді.

Үмбетей – XVIII ғасырда жасаған, ерлікті жырлап ел тыныштығын көксеп өткен жалынды ақын. Үмбетей жырау елінің қорғаны болған батырларды жырына арқау еткен. Өмірде болған адамның ісі оны тікелей көрген адамның көзімен өлшеніп бағаланады, суреттеледі. Соның нәтижесінде жыраудың толғауларынан елін жаудан қорғаған қайсар ер, қайтпас батырдың өр бейнесін көргендей боласың. «Бөгембай өліміне», «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту» атты толғауларында ол Бөгембай бастаған халық батырларын дәріптеген. «Қашпаған қандай ұрыстан» қайратты ерлерді ұрпағына өнеге еткен. Жырау Бөгембай батырдың ерлік бейнесін тамаша өрнектейді. Атамекенін жаудан қорғап қалған, халқымыздың ұлан-байтақ жерін Баянауыл, Қызыл тау, Абралы, Шыңғыстау – бүкіл Сарыарқа атырабын қалмақтардан аман алып қалған Бөгембай батырдың ерлігін сүйсіне жырлайды.

Жырау тек Бөгембайды ғана емес, Абылай тұсындағы қолбасы батырлардың – Қаракерей Қабанбайдың, Қаз дауысты Қазыбектің, Керейде батыр Жәнібектің, Сары, Баян мен Сағымбайдың ерліктерін де өлең жолдарына қосқан. Үмбетей жырау «Бәкеге», «Жауқашарға» өлеңдерінде жаман қылықтан сақтандырған, жақсы қылыққа адамгершілікке, адалдыққа үндеген. Жырау өз поэзиясында терең философиялық ойды бейнелеу үшін өлеңдерінің ұйқас, ырғақтарын сол мақсатқа орай алған. Жыраудың ерекше ұйқасқа көңіл бөлгендігі аңғарылады, өлең жолдары көбіне үш буыннан үйлеседі.

Үмбетей – тынысы кең жырау. Үмбетей – жауынгерлік поэзияның ғана өкілі емес. Өзінің жыраулық тұлғасын жорықтық толғауларымен ғана көрсетпейді.

Тілеуұлы Үмбетейдің жырау ретінде артына қалдырған мұрасы аса көп емес. Небары жеті-сегіз толғау. Үмбетей – беріде өмір сүрген ақын. Арнау жырларымен аты шыққан. Жалпы, XV-XVIII ғасырлар арасындағы қазақ поэзиясының негізі арнау, толғаулар десек қателеспейміз. Жырау мақалдап, мәтелдеп сөйлейді, халық даналығына сүйенеді. Өлеңдері шешендік өнерге жақын тұрады.

Үмбетей жырау отбасылық тақырыпқа да мән берген. Ол баладан көрген базарын да, азарын да жасырмаған. Балалық, жастардың, кәрілік жыраулардың тұрақты тақырыптарының біріне саналады. Жыраудың «Дін пұсырман баласы адамдықтан жерімен» деуіне қарағанда, мұсылмандықтан адамды жақсартатын біраз нәрселер іздеген болуы керек. Жырау толғауларында дидактикалық сипатты сақтайды. Ақылды да жадағай, жалаң айтпай аталық өре тұрғысынан толғап екшеп, өз басынан кешкенін қорытып береді.

Үмбетей жырау шығармалары от-жалынды туғандығымен, тәуелсіздік жолындағы күрестің қиын кезеңінде жұрттың рухын көтерген, елге жігер берген ұран іспеттес болғандығымен құнды.

2. Үмбетей толғауларындағы хан бейнесі

XVIII ғасырдағы қазақ жеріндегі болған оқиғалардың басым көпшілігі дерлік қазақ жерін жаудан қорғау, әсіресе, қазақ-жоңғар қақтығыстарына байланысты болды. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Ресей патшалығының қазақ жеріне экспансиясы басталғанмен, Қазақ хандығы Әз Тәуке хан, Әбілмәмбет хан, әсіресе, Абылай хан тұсында әлі тұғырынан түспеген, көрші мемлекеттер санасатын қауһары бар тәуелсіз мемлекет болатын.

Жоңғарлармен күресті ұйымдастырудың бар салмағы, әрине, алдымен ел басқарып отырған хандарға түсті. Солардың ақылпарасаты арқасында, мысалы, ғасырдың басында Тәуке хан билік құрған кезде сыртқы жаумен тепе-теңдік жағдайға түсіп, біршама уақыт қазақ жерінде тыныштық орнады. Ал ол өлгеннен кейін, одан кейінгі билікке талас және тақты иеленгендерінің дәрменсіздігі кесірінен ел жау шапқыншылығына ұшы рап, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдар зобалаңына душар болды. Бірақ «Қазақстан тарихының» соңғы жаңа басылымының үшінші томындағы осы

алмағайып кезеңі туралы тарауында көрсетілгендей «1723 жылғы жеңіліс қазақ халқының еркі мен рухын жасыта алмады».

Келесі жылдан бастап-ақ, әсіресе ерекше белсенділік көрсететіні аталатын, бүкіл қазақ жасағының қолбасшысы болып сайланған Әбілқайыр ханның, елдің басын қосуда біршама әрекетке барған Әбілмәмбет, Сәмеке хандардың, төбе билер Төленің, Қазыбектің, Әйтекенің, бел гілі қазақ батырларының жұмылып жасаған қимылдарының арқасында жоңғарларға соққы беріле бастады. Отызыншы жылдардан бастап жоңғар-қалмақ басқыншыларын қазақ жерінен тазартудың ұйтқысы болып, Абылай хан шығып, өмірінің соңына шейін тарих, тағдыр жүктеген осы миссияны абыроймен толық атқарып шықты. Ғасырдың басындағы жоңғар шапқыншылығының, «Ақтабан шұбырынды...» қасіретінің қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік, тұрмыстық, рухани жағдайларға мықты әсері болғанын айту керек. Бұрыннан да дәстүрлі болып келген жаумен күрес, ел қорғау, ел бірлігі, ел билігі мәселесі бұл кезде қазақ әдебиетінің де, соның ішінде жыраулар мен ақындар поэзиясының басты тақырыбы болды. Қазақ жерін жаудан қорғауда батырларға жөн сілтеп басшы болған, өздері де атқа отырып, қол бастаған, билермен ру-тайпаларды ортақ іске жұмылдыруда тіл табысқан, жыраулармен жөн, бағыт алысып, кеңес құрысқан хандар туралы қазақ жырауларының, ақындарының мадақтап та, сынап та жыр-толғау арнамағандары кемде-кем. Өкінішке орай, таптық мәселеге қатысы бар деген желеумен ондай шығармаларға кеңес дәуірінде тиісті мән берілген жоқ.

Бұндай жыр-толғаулардағы хандар бейнесінің кешегі тәуелсіздік алғанға дейін әдейі нысанаға алынып зерттелмей, назардан тыс қалдырыла беруін, қарастырылған күнде де біржақты бейнеленуін сол идеологиялық салқындықтың басты белгісі деп түсіну керек.

Жырау арнауларының ішіндегі ең көлемдісі (157 жол), әрі көркем жырланатыны Абылай ханға арналған «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту» атты эпикалық сарыны анық сезілетін шығармасы.

Толғау композициялық құрылысы жағынан жалпы бес бөлімнен тұратыны байқалады. Кіріспесінде «Абылай ханым бұл қалай» деген өлең жолымен бір қиын ауыртпалық істің болып қалғанына бір жағынан таңырқай, абдырай қарап, екінші жағынан сол істің еңсені басар ызғарынан ханның сес алатынын сезінгендей «Сөзімді қойма тыңдамай»– деп ескертіп, Абылай ханға талай басынан қиын да қызық істер өткенін алыстан орай айтып, әріден басталатын тұспалды әңгіменің ұшын көрсетіп қояды. Осындай дайындықтан кейін екінші бөлімінде Абылайдың аңыздар мен тарихи жырлардан белгілі бүкіл өмір жолының қазақ жұртына, өзіне абырой мен даңқ әкелген негізгі кезеңдерін тоғыз тирадаға бөліп, әрбір бөлігін «Ұмыттың ба соны, Абылай!» деп шегелегендей нықтап айтылатын рефренмен аяқтап, шолып шығады. Енді осы тирадалардағы хан өмірінің әр кезеңдеріндегі тұлғалық бейнелік ерекшеліктерін қарастырып көрейік.

Бірінші тирадада Үргеніштен Сарыарқаға жерім деп жаяулай Төле биге келіп түйе баққан жасөспірім Сабалақтың ерекше табандылығы мен қайсарлығын, «Еш малшыға қосылмай», қара жерге отырмай «Қол-аяғын

төрт жаққа» салып жататын тектілігін Төлеге сездіргенін ханның есіне салады.

Екінші тирадада жырау Абылайдың жиырмаға толғанын- дағы өміріндегі маңызды екі сәтін еске алады. Біріншісі, қалмақпен соғыстағы дүлей күш иесі Шарыш батырдың жекпе жекте басын алып, жас батырдың бүкіл ұрыстың тағдырын шешкен «Алғашқы бақты тапқан» ерен ерлігі. Екіншісі, жеңілген қалмақтың соңына түсіп, «Жау қашты деп айғайлап», «Абылайлап» шауып, содан бастап атасы Абылайдың есімін алғанын жадына түсіреді.

Үшінші тирадада Абылайдың сын сағаттағы сол ерлігін бүкіл халық қошеметтеп, ақ киізге көтеріп хан сайламаса да, ресми әміршілерден атағы мен даңқы еш кем емес хан атандырғаны айтылады.

Төртінші тирадада Қалдан ханның қазақтың ең абыройлы бетке ұстар ханын қапыда қолға түсіріп, Тәшкенге апарып зынданға салғанын, қазақтан «Тоқсан жақсы үш жүзден» елші жіберіліп «сұрай барғанда» қалмақ ханының Шарыш үшін өлтірем дегеніне жауаптасып қарсы сөз айтып, сөз тапқырлығын, шешендігін мойындатып, «Үш ауыз сөзбен құтылғаны» баяндалады.

Бесінші тирадада Абылай ханның бұндай абыройға, беделге жетуіне тұсындағы «Кейі батыр, кейі би» бесеудің, оның ішінде Қаз дауысты Қазыбектің, Қу дауысты Құттыбайдың «Әділ билік қылысқанының», Жәнібек, Қабанбай, Бөгембай батырлардың «Қашпаған қандай ұрыстан» ерлігінің «Тәңірім берген сыйы» арқасында болғаны сөз етіледі.

Алтыншы тирадада Абылай хан тұсындағы ханға батыры сай болған, «Елге лайық ер болған», елін байлық тұрмыс жайлаған, қыс қыстауы, жаз жайлауы өзге жұртты таңдандырған Сарыарқадай қонысы болған керемет бір жарастықты дәуір болғанын тамсана жырлайды.

Жетінші тирадада жеке басының қасиеті арқасында бақытының кем болмай, хан айтқан сөзінің халықты ұйытқаны, елінің хан жолын мақұлдағаны, жауын жайпаған, ел қорғаны - батырларының, «Аузынан балды тамызған» билерінің көп болып, қатар елдерден озғаны сөз болады.

Сегізінші тирадада ханның үлкен жүрегі, адамгершілік қа сиеті айтылады. Бір кезде қазақ әскері қырғыздан ойсырай жеңілгенін ел біліп, көп батырмен Абылай ханның келіп, «Қысылған әскербасының» қасына барып, басын шауып тастамай ақылға жеңдіріп, тіпті бірге қайғырысып, Бабай түкті Шаш ты Әзиз аруағына ақ боз атты шалып, «бата алғанда» тілеуі қабыл болып, хан басына қыдыр қонғанын еске алады.

Тоғызыншы тирадада әлгі айтылған қырғызбен қақтығыста жаратқанның жол беруі арқасында ойламаған жерден қырғыз батырларының арасында жік туып, «соғысудан түңіліп» Садыр бөлініп кетіп, Абылай хан бастаған қазақ батырлары Қабанбай, Бөгембай, Сары, Баян, Сағынбай шапқанда, Әтеке жырық басы болып жау қырылып, қазақ қауымының қуанғаны баяндалады. Жоғарыда жырланып келген ханның өмір жолы кезеңдері айтыла келе шығарманың шарықтау шегі болып табылатын оныншы тирадада өмірдің қысқалығы, дүниенің өтпелі екендігі, ханның да ол

заңдылыққа бағынатыны, бұл дүниеден кететіні жөнінде философиялық толғанысқа тіреледі.

Өмір жалғасып, хан артындағы мұрагеріне де батырлар табылатынын, енді жауды мұқататын солар болатыны айтылады. Ең қысқа (9 жол) төртінші бөлімінің басында Бөгембай ба тырдың аты аталмай жұмбақтап батырға қатысты біршама мәлімет беріледі. Одан батырдың ханнан жасы үлкендігі, алып тұлғалылығын білдіретін басының дөмпеш таудай екендігі, жас кезінде сырлас болғандығы, сондықтан жасы үлкен болса да құрдасы сияқты болғандығы айтылады. Соңғы үш жолында «сексеннен аса бергенде» қайрылмас қаза келіп, «Батырың өлді – Бөгембай!» – деп, «батырың» деген әдейі жақындатып айтылған сөз арқылы оның ханға қимас өз адамы екенін көрсете отырып, батырдың өлімі естіртіледі. Соңғы бесінші қорытынды бөлімінде бақилық болар алдында батырдың жанында болған жыраудың Бөгенбайдың жан тәсілімге таянғанда Абылай ханды көре алмай кетіп бара жатқанына өкініп, үш қайта сәлем айтқанын, ханға деген батырдың ыстық ықыласын жеткізеді.

Үмбетей жырау енді ханға дәстүрлі жұбату айтып, осындай болған іске жақсының қасқайып мойымайты- нын, ал жаман ойбайлап берекет алатынын айтып ханға басу айтады. Толғаудың соңы ханға Бөгембайдың жасын, баласына алтын елге бақ пен байлық, Бөгембай сынды батырдың артының берекелі болуын, халқына сабыр тілеген батамен аяқталады.

Толғаудағы хан тұлғасының бейнеленуін осындай сюжеттік-композициялық құрылысы бойынша толық талдаудан кейін жинақтап көрсетер болсақ, мынадай басты ерекшеліктерін атау қажет болар еді:

Біріншіден, жырау поэзиясында алдыңғы баптардағы талдаулардан байқалатындай бұдан бұрын ел билеушінің осындай кең, толық, жасөспірім кезінен кемелденген шағына дейінгі жарты ғасырдай ғұмыры қамтылған панорамды бейнесі бір шығарма ішінде жасалып көрген жоқ. Кейін Бұқар жырау ғана Абылайды әлденеше жыр-толғауларында жырлап барып, жиынтығында ханның біршама толық бейнесін шығарған болатын;

Екіншіден, Үмбетей шығармашылығында жырау поэзиясына тән хан атына, оның іс-әрекетіне сын кездеспейді. Кеңес кезіндегі зерттеулерде хан бейнесін айналып өтіп, ол туралы мардымды ештеңе айтпауын жырау толғауларының осы ерекшелігіне байланысты болса керек;

Үшіншіден, сонымен қатар жырау туындыларында Абылай ханды тап әсіре мадақтауға да жол берілмеген сияқты.

Төртіншіден, жоғарыдағы талдауларда келтірілген реалдық өмір шындығынан тыс әсіре көтермелеулердің жоқтығы, суреттелген оқиғалардың хан өміріндегі болған оқиғалармен үндесетін дігі туралы түйіндер негізінде біз жырау толғауларындағы Абылай хан бейнесі тарихи шындыққа орай сомдалған деп қорытынды жасай аламыз;

Бесіншіден, Үмбетей жыр-толғауларындағы хан бейнесі үлкен жылылық сезіммен жырланғаны аңғарылады. Абылай бейнесін жас кезінен бастап өмірінің әр белестерінде әртүрлі жағдайларда суреттеліп, оның ел билеудегі, қол бастаудағы ұйымдастырушылық шеберлігі, айналасына

талантты, білгір әскербасы батырларды, әділетті билерді топтасыра білуі, қиын (экстремалды) жағдайлардан жол тауып абыроймен шығуы, әсіресе ханның талдауда анық байқалатын адамгершілік қасиеттері Абылайдың бүкіл халықтық сүіспеншілікке бөленген ірі тұлғалық бейнесін толық аша түседі. Біз хан бейнесінің бұлай ашылу, даму жолын толғаудың мынадай толғау үзінділерімен, өлең жолдарымен көрсетуімізге болады:

1) «Жас күніңде Абылай,.. Еш малшыға қосылмай, Қара жерге отырмай,.. Қол-аяғың төрт жақта, Жатушы едің сол шақта,..»
2) «Жиырмаға жасың толғанда, Қалмақпен соғыс болғанда,.. Шарыштың басын қаққанда,.. Абылайлап шапқанда...»
3) «Сол ерлікпен хан болдың,.. Барша әлемге даң болдың,..»
4) «Қалдан ханның әскері... Қапыда ұстап алғанда,.. Көр зынданға салғанда,.. Өлтірем деп Қалдан хан... Сөзіне қарсы сөз айтып, Жауаптастың қарыстың... Шешендік жолын тұтындың, Үш ауыз сөзбен құтылдың,..»
5) «Аруағыңа болысқан, Әділ билік қылысқан. Қашпаған қандай ұрыстан,.. Абылай сенің тұсыңда Кейі батыр, кейі би, Сол бесеуі болыпты-ай!»
6) «Жасыңда болған сырласың, Үлкен де болса құрдасың,.. Батырың өлді – Бөгембай!.. Сәлем айтты үш қайта, Кеттім деп сізді көре алмай».

Бұл хан бейнесінің жеке шағын шығармада толық берілуінің шебер жасалған үлгісі деуге толық негіз бар.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Үмбетей Тілеуұлының өмірі
2. Үмбетей толғауларының тақырыптық-идеялық ерекшелігі
3. Үмбетей жырындағы Абылай бейнесі.